

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы N 778 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 06.10.2016 № 568 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2013 № 333 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 N 1173 қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2006 жылғы 17 тамыздағы
N 778 Қаулысымен
бекітілген

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар):

1) Қазақстан Республикасының министрлері мен орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының, ведомстволар басшыларының нормативтік

құқықтық бұйрықтарын, орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық қаулыларын, Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулыларын, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, сондай-ақ әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін (бұдан әрі – нормативтік құқықтық актілер) мемлекеттік тіркеу мерзімдерін, мемлекеттік тіркеуге ұсыну тәртібін;

2) мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптарды;

3) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізуді;

4) нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден бас тарту тәртібін;

5) тіркелген нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізуді;

6) тіркелген нормативтік құқықтық актілердің қолданысын тоқтата тұрудың, тоқтатудың тәртібін айқындайды.

2. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын және мемлекеттік құпияларды қамтитын актілерді қоспағанда, осы Қағидалардың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының мемлекеттік тіркеу қажеттілігі туралы мәселені шешу үшін сол немесе өзге актіні ұсыну туралы сауалдарын орталық органдар, олардың ведомстволары және жергілікті органдар мұндай сауал түскен кезден бастап екі апта ішінде орындайды.

4. Орталық органдардың және олардың ведомстволарының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерін – аумақтық әділет органдары құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырады.

5. Жергілікті органдардың жергілікті бюджеттерді бекіту және нақтылау, әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді аумақтық әділет органдары құжаттар ұсынылған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

6. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу:

1) мынадай:

құқық нормаларының болуы және мемлекеттік тіркеудің қажеттілігі тұрғысынан;

актінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне заң сараптамасын;

2) орталық органның және оның ведомствосының нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындысын – Қазақстан Республикасы Әділет министрінің немесе оның орынбасарының, жергілікті органның–аумақтық әділет органы басшысының бекітуін;

3) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, оны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізуді;

4) негізгі нормативтік құқықтық актінің бірінші парағының жоғарғы оң бұрышында нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мөртабан қоюды, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының бірінші парағының жоғарғы оң бұрышында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің немесе оның аумақтық органының елтаңбалық мөрін қоюды. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының және мөртабанның үлгілік нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітеді;

5) тіркелген нормативтік құқықтық актілердің:

бір данасын (төлнұсқасы) нормативтік құқықтық актіні ұсынған органға;

екінші данасын Республикалық құқықтық ақпарат орталығына (бұл тәртіп мемлекеттік құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды) жіберуді қамтиды;

нормативтік құқықтық актінің үшінші данасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде немесе оның аумақтық органдарында қалады.

Нормативтік құқықтық актінің әрбір жіберілетін данасына нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды қоса беріледі (егер нормативтік құқықтық акті азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты болса, қорытындыда оны ресми жариялау қажеттілігі көрсетіледі).

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2015 № 157 қаулысымен.

7. Мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

3. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге ұсыну тәртібі

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, осы орган басқармасының отырысында осы актілер қабылданған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күннің ішінде ұсынылатын нормативтік құқықтық актілерін қоспағанда, орталық

органдардың, олардың ведомстволарының және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына бекітілген күнінен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі төлнұсқасын (түпнұсқа мәтіндерін) қоса алғанда, үш данада баспа және электрондық түрде ұсынылады.

Егер нормативтік құқықтық актіні екі және одан да көп мемлекеттік орган бірлескен актімен қабылдаған жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік орган нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органдар саны бойынша нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түпнұсқалар (түпнұсқа мәтіндерін) қосымша ұсынады.

Нормативтік құқықтық акті мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген (бекітілген) жағдайда, нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркеуге мүдделі мемлекеттік органдардың соңғысы келіскен (бекіткен) күннен бастап екі апта ішінде ұсынылады.

Орталық органның, оның ведомствосының немесе жергілікті органның бірінші басшысы болмаған жағдайда, оның міндетін атқаратын адам бекіткен нормативтік құқықтық актіні ұсынған орган оған тиісті міндеттер жүктелгені туралы құжаттың көшірмесін де ұсынуға тиіс.

Тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркеуге қайта ұсынылған жағдайда, ол тиісті орталық органның, оның ведомствосының немесе жергілікті органның қайта бекітуіне жатады және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына осы тармақта белгіленген тәртіппен және мерзімде ұсынылады.

Бұл ретте, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіге қайталама сараптамалық қорытындының көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2015 № 157 қаулысымен.

9. Нормативтік құқықтық актіге Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде анықтама-негіздеме қоса беріледі және мыналарды:

- 1) нормативтік құқықтық актіні ұсынған мемлекеттік органның атауын;
- 2) нормативтік құқықтық актінің тиісті нормасына сілтемемен нормативтік құқықтық актіні қабылдау негіздемесін (органның құзыреті);
- 3) нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажеттілігінің негіздемесін (нақты мақсаттар, дәлелдер және акті неге байланысты қабылданды);
- 4) осы мәселе бойынша бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құқықтық актіні қабылдауға байланысты олардың өзгергені

немесе күші жойылды деп танылғаны туралы ұсыныстарды әзірлеу туралы мәліметтерді;

5) осы Қағидалардың 17-тармағының талаптарын ескере отырып, олардың жойылғаны туралы актілердің деректемелерін көрсете отырып, осы мәселе бойынша бұрын қабылданған, мемлекеттік тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актілер туралы мәліметтерді;

6) республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актіге қатысты Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімінің көшірмесі болуы;

7) нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу туралы мәліметтерді;

8) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (тарату) туралы мәліметтерді;

8-1) реттеушілік әсерді талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты (бар болса);

9) сараптамалық қорытындыларды ұсынбаған кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің тізімін (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын актілер үшін) қамтуға тиіс.

Қоса берілетін анықтама-негіздемеге осы актіні шығарған органның заң қызметінің басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адам не осы актіні шығарған органның заң қызметі басшысын алмастыратын адам қол қояды.

Бірлескен нормативтік құқықтық актіні ұсынған жағдайда, қоса берілетін анықтама-негіздемеге оны мемлекеттік тіркеуге ұсынған органның заң қызметінің басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адам не осы актіні шығарған органның заң қызметі басшысын алмастыратын адам қол қояды.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда, анықтама-негіздемеге осы нормативтік құқықтық актіні әзірлеген тиісті құрылымдық бөлімше басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

Жергілікті органда заң қызметі болмаған жағдайда, анықтама-негіздемеге осы актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған органда заңгер функцияларын орындайтын адам не жергілікті органның бірінші басшысы, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адам қол қояды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2015 № 1088 қаулыларымен.

4. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптар

10. Мемлекеттік тіркеуге ұсынылатын нормативтік құқықтық акті мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) нормативтік құқықтық актіні қабылдау рәсімінің сақталуы:

алқалы (сайланбалы) орган үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес;

орталық орган, оның ведомствосы және жергілікті орган үшін – бірінші басшының не ол болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адамның қолының болуы;

2) қолданыстағы заңнамаға:

Қазақстан Республикасының Конституциясына;

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдарға;

Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтарына;

Қазақстан Республикасының кодекстеріне, заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтарына;

Қазақстан Республикасы Парламентінің нормативтік қаулыларына;

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік жарлықтарына;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларына;

орталық органдардың, олардың ведомстволарының және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігі;

3) егер келісу қажет болса, нормативтік құқықтық актіні келісудің болуы;

4) нормативтік құқықтық актінің деректемелерінің болуы;

5) негізгі нормативтік құқықтық актіде оның қолданысқа енгізілу мерзімін қамтитын нормалардың болуы;

6) нормативтік құқықтық актінің құрылымына қойылатын талаптардың сақталуы;

7) нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұндалу стиліне қойылатын талаптардың сақталуы;

8) егер нормативтік құқықтық актінің мәтінінде оларға сілтеме жасалған болса, қосымшалардың болуы;

9) нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі, соның ішінде қосымшалардағы мәтіндерінің де сәйкес келуі;

10) нормативтік құқықтық актінің барлық парақтарына осы актіні қабылдаған (келіскен) органның заң қызметі басшысының, ол болмаған жағдайда, оның

міндетін атқаратын адамның не заң қызметінің басшысын алмастыратын адамның әрбір парағына қол қоюы жүргізіледі.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда, әрбір параққа қол қоюды осы нормативтік құқықтық актіні әзірлеген тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқаратын адам жүргізеді.

Жергілікті органда заң қызметі болмаған жағдайда, әрбір параққа қол қоюды осы органда заңгер функцияларын орындайтын адам не мемлекеттік органның бірінші басшысы, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқаратын адам жүргізеді;

11) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіге сараптамалық қорытынды көшірмесінің болуы;

11-1) республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актіге қатысты Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімі көшірмесінің болуы;

11-2) нормативтік құқықтық акті бойынша реттеушілік әсерді талдау жүргізілген жағдайда, оған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімі және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысы, сондай-ақ реттеушілік әсерді талдау нәтижелері қоса беріледі;

12) жүргізілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тиісті сараптамалық қорытындылар көшірмесінің болуы.

Нормативтік құқықтық актіні қабылдаған орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда, ілеспе хатта сараптамалық қорытындымен келіспеу себептеріне дәлелді негіздеме келтіреді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2015 № 1088 қаулыларымен.

11. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес келуін нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған орталық орган, оның ведомствосы және жергілікті орган қамтамасыз етеді.

5. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізу

12. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

13. Тізілімде мемлекеттік тіркеу күні, берілген мемлекеттік тіркеу нөмірі, нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған органның атауы, нормативтік құқықтық актінің күні, нөмірі және атауы, нормативтік құқықтық актіні ресми жариялау, нормативтік құқықтық актіге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, нормативтік құқықтық актінің қолданысын тоқтата тұру, тоқтату туралы мәліметтер көрсетіледі.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрі белгілейді.

6. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден бас тарту тәртібі

14. Егер нормативтік құқықтық актілер:

1) азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе;

2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзса;

3) жоғары деңгейде тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келсе;

4) нормативтік құқықтық актіні шығарған орган құзыретінің шегінен тыс болса;

5) мүдделі органдармен келісілмесе;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері ұсынған сараптамалық қорытындылар түріндегі қосымшалары болмаса;

7) мемлекеттік тіркеу қағидаларында белгіленген, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу мен келісу тәртібін бұза отырып қабылданса, мұндай актілерді мемлекеттік тіркеуден бас тартылады.

Бас тарту туралы нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған органға жазбаша хабарланып, бас тартудың негіздері көрсетіледі.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің бір данасы (көшірмесі) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде немесе оның аумақтық органында қалады.

Мүдделі мемлекеттік орган мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актіні тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасай алады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2015 № 157 қаулысымен.

15. Мынадай талаптар сақталмаған жағдайда, нормативтік құқықтық акті қаралмай бір жұмыс күні ішінде әзірлеуші мемлекеттік органға кері қайтарылады :

1) нормативтік құқықтық актіде Заңның 17-бабында көрсетілген деректемелердің біреуінің болмауы;

2) нормативтік құқықтық актіні елтаңбалық мөрмен расталған баспа және электрондық түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі төлнұсқасын (түпнұсқа мәтіндерін) қоса алғанда, үш данада ұсынбау;

3) нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік және орыс тілдеріндегі анықтама-негіздеменің қоса берілмеуі;

4) қоса берілген анықтама-негіздеменің осы Қағидалардың 9-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

5) нормативтік құқықтық актінің барлық парақтарына қол қою жүргізілмеуі;

6) бірінші басшы болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын адамға тиісті міндеттер жүктелгені туралы құжат көшірмесінің болмауы.

Бұл жағдайда орталық орган, оның ведомствосы немесе жергілікті орган анықталған бұзушылықтарды жояды және осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген мерзім сақталған кезде оны қайта бекітпей мемлекеттік тіркеуге қайта ұсынады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.03.2015 № 157 қаулысымен.

16. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартуды алған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде орталық орган, оның ведомствосының немесе жергілікті органның басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқаратын адам тіркеуден бас тартылған нормативтік құқықтық актінің күшін жою туралы тиісті акт шығарады және оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына жібереді.

Бұл тәртіп алқалы түрде шешім қабылдайтын орталық органдарға және кезекті (кезектен тыс) отырыста немесе сессияда бекіткен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің күшін жою туралы актіні ұсынатын мәслихатқа қолданылмайды.

Егер нормативтік құқықтық акт бірлескен актімен қабылданса және оны тіркеуден бас тартылса, нормативтік құқықтық актіні бірлесе отырып қабылдаған мемлекеттік органдардың басшылары не олар болмаған жағдайда, олардың міндеттерін атқарушы адамдар нормативтік құқықтық актіні жою туралы бірлескен акті шығарады.

17. Пысықтау мақсатында әзірлеуші мемлекеттік орган өзінің бастамасы бойынша осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден кері қайтарып алуы мүмкін.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден кері қайтарып алу әзірлеуші мемлекеттік орган хатының негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік тіркеуге ұсынылған нормативтік құқықтық актіні қайтаратын әзірлеуші мемлекеттік органның хаты әділет органдарына келіп түскеннен кейін, осы нормативтік құқықтық акт хаттың келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде әзірлеуші мемлекеттік органға тиісті хатпен қайтарылады.

Хатты алған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде орталық органның, оның ведомствосының немесе жергілікті органның басшысы не ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқаратын адам мемлекеттік тіркеуден қайтарылған нормативтік құқықтық актінің күшін жою туралы тиісті акт шығарады және оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына жібереді.

7. Нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілуі

18. Мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде және оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркелуге тиіс нормативтік құқықтық актілердің күшіне енуі үшін қажетті шарт болып табылады.

Тіркелмеген нормативтік құқықтық актілердің құқықтық күші болмайды.

19. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде және оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркелуге тиісті нормативтік құқықтық актілер " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес қолданысқа енгізіледі.

Жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін талаптарға байланысты қызметті жүзеге асыруға дайындау үшін жеке кәсіпкерлік субъектісіне қажетті мерзімдер негізге алына отырып белгіленуге тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

20. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізудің міндетті шарты оларды ресми жариялау болып табылады.

21. Нормативтік құқықтық актіні ресми жариялау және жіберу кезінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күнін көрсету міндетті болып табылады.

Орталық органдардың, оның ведомстволарының және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Тіркелген нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұрудың және тоқтатудың тәртібі

22. Нормативтік құқықтық актіні күші жойылды деп таныған не оның қолданысын белгілі бір мерзімге тоқтата тұрған кезде осы актіні қабылдаған орган немесе осыған уәкілетті орган бір апта мерзімде растайтын актінің көшірмесін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлайды.

Бірлескен нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды не тоқтатылды деп оларды бірлесе қабылдаған орталық органдар, олардың ведомстволары немесе жергілікті органдар таниды.

Бұл тәртіп өзге мемлекеттік органдармен келісім бойынша қабылданған актілерге де қолданылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі немесе оның аумақтық органдары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне тиісті жазбалар жасайды.

Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру бөлек нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады.

23. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығы берілген мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған жағдайда, құқықтық мирасқорға нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығымен бірге өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, олардың қолданысын тоқтату және тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктер ауысады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2006 жылғы 17 тамыздағы
N 778 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілді

және атқарушы органдарының актілерін мемлекеттік тіркеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 48, 427-құжат);

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 және 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 733 қаулысы;

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қаңтардағы N 122 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 3, 46-құжат);

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 341 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 10, 113-құжат);

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 1082 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 33, 355-құжат);

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы N 1184 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 44, 484-құжат);

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсандағы N 1278 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қазандағы N 1017 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 37, 485-құжат);

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 ақпандағы N 99 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 5, 46-құжат).